Қарағанды облысы Балқаш қаласы мен Ақтоғай ауданының шекараларын (шегін) өзгерту туралы

Қарағанды облысының әкімдігінің 2021 жылғы 22 қазандағы № 76/01 бірлескен қаулысы және Қарағанды облыстық мәслихатының 2021 жылғы 22 қазандағы № 116 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 5 қарашада № 25030 болып тіркелді

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 108-бабының 3-тармағына, "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 11-бабының 2) тармақшасына, "Қарағанды облысы Балқаш қаласының шекарасын (шегін) өзгерту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 14 шілдедегі №486 қаулысына сәйкес Қарағанды облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ және Қарағанды облыстық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Осы бірлескен қаулы мен шешімнің қосымшасына сәйкес Қарағанды облысы Ақтоғай ауданы жерінің көлемі 8 744 гектар бөлігін Балқаш қаласының шекарасына (шегіне) қосу жолымен Қарағанды облысы Балқаш қаласы мен Ақтоғай ауданының шекаралары (шектері) өзгертілсін.

2. Осы бірлескен қаулы мен шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қарағанды облысының әкімі *Ж. Қасымбек*

Облыстық мәслихат хатшысы *С. Утешов*

Қарағанды облысы
әкімдігінің
2021 жылғы 22
қазандағы № 76/01 мен
Қарағанды облыстық
мәслихатының
2021 жылғы 22
қазандағы
№ 116
Бірлескен қаулысы мен
шешіміне қосымша

Қарағанды облысы Балқаш қаласының шекарасына (шегіне) қосылатын Ақтоғай ауданының жері бөліктерінің экспликациясы

№	Жерлердің атауы	Жалпы ауданы (гектар)	оның ішінде:					
			ауыл шаруашылығы алқаптары				ағаш көмкерген	басқа да жерлер
			егістік	көп жылдық екпелер	тыңайған жер	жайылымдар		

1	2	3	4	5	6	7	8	9
1	Балқаш қаласының бекітілген шекарасы (шегі)	591591	262	224	174	516678	-	74253
2	Балқаш қаласының шекарасына (шегіне) қосылатын жерлердің ауданы	8744	-	-	-	8487	-	257
3	Балқаш қаласының шекарасы (шегі)	600335	262	224	174	525165	-	74510

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК